

Гүлдана Мұхтарбекқызы

Нұрсәуле Тілдабаева

DOSTAR

4-кітап

Жеңіске жетер жол

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӘЖ 087.5

КБЖ 83.8

Ж 26

Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.

Ж 26 DOSTAR. 4-кітап. Жеңіске жетер жол: Балаларға арналған әңгімелер.
/ Мұхтарбекқызы Гүлдана, Тілдабаева Нұрсәуле : - Алматы: Астана-кітап, 2021. -
34 б.

ISBN 978-601-7595-15-9 (жалпы)

ISBN 978-601-7595-19-7 (4-кітап)

Адал достық – адамдықтың негізі. Кітаптың бас кейіпкері Димаш тылсым күшке ие тұлпармен достасады. Екеуінің қарым-қатынасы шынайы достыққа айналады. Алайда Димашқа қалаға көшуге тура келеді. Осылайша, жаңа ортада Гена, Адина мен Тимур секілді балалармен достасып, шытырман оқиғаларды бастан кешіреді. Димаштың қалалық өмірінде де Айжұлдыз оны жалғыз қалдырған жоқ. Қиналған сәттерінде ізгілікке үндеп, жол табуға көмегін тигізеді.

Бұл – жай ғана оқиғалар жинағы емес, әмбебап тәрбие құралы болып табылады. Кітап сериясы - шынайы достықтың оқиғасы. Ересектер мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты жаңа қырынан суреттейтін әңгімелер баланың да, үлкеннің де жүрегінен орын алары сөзсіз.

ӘӘЖ 087.5

КБЖ 83.8


ISBN 978-601-75-95-15-9 (жалпы)

ISBN 978-601-7595-19-7 (4-кітап)

©Астана-кітап, 2021

Мазмұны

1. Жеңіске жетер жол.....	5
Басқа өлшем.....	6
Ғарышқа сапар	8
Планеталар.....	10
Күн жүйесі – бір отбасы.....	13
Тимур қайда?	14
Күтпеген қонақтар	16
Маңызды күн	19
“Жемістер” мен “Тоғыз түс” тобы.....	20
“Үздік төрттік” тобы	23
Кім үздік?.....	23
Туған жер.....	25
Бәйге.....	26
Ақ бата	29
Тапсырмалар.....	32



Құрметті оқырман!

Димаштың бір арманы бар. Ол ғарышты өз көзімен көргісі келеді. Айжұлдыз бен Димаштың түнгі серуені ғажайыптарға толы өтті. Ғарышқа сапар оны мазалаған сұрақтардың жауабын табуға әсер етеді.

Ғарыштан алған сабағы Димаштың Тимурға деген көзқарасын өзгертеді. Ендігі кезекте Димаш өз тобын бірлікке шақыра ала ма?

Әңгімелер жинағындағы оқиғалар әлемнің бізге берер өнегесі мол екенін көрсетеді. Ғаламшарлардың болмысы ынтымақтастық, мейірімділік, жауапкершілік сынды қасиеттерді танытады.

Төртінші бөлімдегі оқиға желісі мен суреттелуі баланың ғарышқа деген қызығушылығын оятады. Қиялына қанат бітіріп, оны да аспан әлеміне бірге алып кетеді.

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”
баспасының авторлар ұжымы

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕР ЖОЛ



Басқа өлшем

Димаш үйге көңілсіз оралды. Кешке «Кел, кел, Айжұлдызым, кел» деген сиқырлы сөзін үш рет қайталады. Бірер сәтте Ай-жұлдыз да келді.

Димаш:

– Мені ауылға алып кетші! Қалада тұрғым келмейді.

Айжұлдыз Димаштың көңілін аулағысы келіп:

– Үстіме мін! – деп Димашты арқасына отырғызып ұша жөнелді.

Елорданың үстінен ұшып, ауылға қарай самғады. Жолда қарға оранған орман-тоғайларды, тас жолдарда жүйіткіген машиналарды көрді.

Көп ұзамай сүйікті ауылына жақындады. Оған ауылының әрбір тауы мен тасы ыстық көрінді. Атасы мен көкесінің ауланың қарын күреп жүргенін көрді.

